Имангазина Меруерт Ануаровнаның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)» тақырыпты диссертациясына ғылыми жетекші филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдан Қатайқызы Мамынованың

ПІКІРІ

Диссертация жұмысының көлемі ғылыми жұмыска қойылатын талапқа сай – 215 беттен тұрады. Диссертация 3 тараудан тұрады. Әр тараудың арасында терең логикалық байланыс сақталған әрі тарау мен тараушалардың мәселелері бірінен-бірі туындап отырады. Бұл диссертанттың өзі көтеріп отырған мәселесін түсінгенін байқатады.

Ақпарат, хабар алмасу мәдени кодпен байланысты. Өйткені, мәдени код тілдік бірліктер мен таңба, белгілердің жиынтығынан құралады. Ым, ишарат, түстер өздігінен мәнді бола алмайды, олар белгілі бір жүйенің контексі арқылы ғана мәнге ие болады. Яғни мәдени код өз аясында вербалды және бейвербалды амал-таңбаларды, символдар мен белгілерді қамтып, вербалды және бейвербалды амалдар арқылы мәдени тұрғыдан маңызды ақпараттарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Соның нәтижесінде адам мәдениеттің тиесілі белгілерін, сондай-ақ сол социумға байланысты көзқарас пен қалыптасқан пікірлерлерді ойында сақтап, санасына сіңіріп өседі. Бұл, негізінен, ұлттық сипаты басым болып келетін бейвербалды амалдарға қатысты. Бейвербалды амалдар – әлеуметтік стереотиптер (айталық, жылау, күлу, қайғыру кезінде орындалатын ым-ишараттар, соматикалық амалдар т.б. көпке ортақ, көпке түсінікті және бір формада өтеді) саналады, бұлар әлемді тануға болатын, белгілі бір ұлт өкілдерінің әлемді қалай және қандай сипатпен қабылдайтынын көрсететін, танымдық ерекшелігі зор қатысым құралдары.

Барлық паралингвистикалық құралдар өздерінің материалдық тегі немесе жасалу жолына қарай емес, коммуникативтік актідегі атқаратын қызметі мен актіге кірігу тұрғысынан ақпаратты, ойды жеткізуіне қарай, коммуникативтік функциясына қарай негізгі қызмет атқаратын тілдік құралдарға ұқсас. Сондықтан оларды тілдік құралдармен бірдей зерттеу керек, олар адамзат үшін вербалды элементтер сияқты тілдік қасиеті бар, тілдік сапасы бар элементтер.

Ғалымдар ишараттардың пайда болуымен тілдік сапалық қасиетке айналуы арасынан сабақтастық табады. Ишараттар шығу тегіне қарай биологиялық, мәдени-тарихи, этнографиялық болады. Бұлар тілдік қатысымға қатысу деңгейіне қарай тілдік санаға ие болады, сөйтіп барып паралингивистика саласының нысанына айналады.

Бейвербалды амалдардың топтамасында бірізділік жоқ, әр ғалым өз түсінігіне қарай топтастырады. Диссертант топтастыруға байланысты соңғы

ғылыми пікірлерді (алыс және жақын шетелдік) аса ұқыптылықпен жинап, теріп, дәйексөздерді келтіре отырып, өзіндік пікірлерін, жүйесін айтады.

Диссертант М.Иманғазинаның жұмысы тілдің үш аспектісін қамтиды. Оның бір бөлігі паралингвистикаға, екінші бөлігі көркем мәтінге, ал үшіншісі көркем мәтіндегі паралингвистикалық элементтердің аудармасына байланысты. Осы үш мәселенің басын тоғыстырып тұрған шығарма – М.Әуезовтің «Абай жолы» тарихи трилогиясы, этномәдени энциклопедия деп бағаланып жүрген күрделі шығарма. Осы айтылған проблемалардың басын біріктіріп, жүйелі түрде зерттеу жұмысын орындаған.

Бейвербалды элементтер ғылыми ортада мәдени код деңгейінде бағалаланатын элементтер, көмекші құралдар. Ұлттық нышаны айқын көрініп тұратын бейвербалды амалдар әр ұлттың, халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болса, олардың тілдік яғни вербалды амалдармен жеткізілуі ұлт мәдениетінің тілдегі көрінісіне айналған, өйткені параамалдардың мағыналық астарында халық өмірінің бар қыры мен сыры жан-жақты сақталған паралингвистиканың ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуының 4 кезеңін диссертант толық сипаттап берген, зерттеушілердің барынша толық тізімін ұсынған. Бейвербалды амалдардың жасалу жолдары да зерттеуде барынша толық қарастырылған (сөз, сөз тіркесі, фразеологизмдер түрінде). Жұмыстың 60-80 беттері аралығы осы мәселеге арналған. Алдына қойған үлкен бір мақсатын осылайша жүзеге асыра алған.

Ұлттың мәдени байлығы саналатын бейвербалды амалдармен өзге ұлт көп жағдайда көркем шығармалар арқылы танысады. Көркем шығармалардың аудармасы әртүрлі ұлттар арасында мәдени диалогты орнатудың бастаукөздерінің бірі, мәтін құрамындағы бейвербалды амалдарды аудару қалай жолға қойылғанын, аударудың қай тәсілінің ыңғайлы болып отырғанын, аударманың дәлдігін біліп отыру өзін-өзі сыйлайтын ұлт үшін қажетті атрибут болса, ұлттық феноменге, ұлттың байлығына, қазынасына айналған бейвербалды амалдарды адамзат тарихымен бірге ғасырлар төріне аман-есен жеткізудің бір амалы да. Сонымен бірге мазмұн-мағынасы бір-біріне сәйкес келетін параамалдарды анықтау, сәйкестігі жоқ, өзге ұлттың түсінігіне лайық емес я болмаса мүлде болмайтын амалдарды аударуды қалай жүзеге асыруға болады, қиындықтан шығудың амалы неде, аудару барысында қандай грамматикалық құрылымдарды қолданған дұрыс болады деген сияқты көптеген мәселелерге көңіл бөліп, талдау жүргізудің көркем дүниені аудару кезіндегі мән-маңызы зор, көркем туындының көркем де бейнелі сипатын жоғалтпауы үшін рөлі айрықша. Параамалдардың атқаратын стильдік қызметі мен стильдік жүгін дұрыс пайымдаудың аудармашы үшін де, аударма жасатып отырған ұлт үшін де, саналы аударманың дүниеге келуі үшін де мәні ерекше. Міне, осы мәселелер диссертант М.Иманғазинаның зерттеуінде барынша қарастырылған.

Көркем мәтінде жазушы шығарманың эмоционалды-экспрессивтік реңін күшейтіп, кейіпкерлері мен оқиға желісін «тірілту» үшін қолданатын бірден-бір тәсіл – «тілдік емес құралдарға тіл бітіру». Шығармадағы паралингвистикалық құралдар тек түпнұсқа мәтінде ғана емес, аударма

мәтінде де қызметі мен қуатын жоғалтпауы аса маңызды. Алайда «Абай жолы» романының тілдік құндылығы мен сол құндылықтың аудармадағы көрінісі жеке зерттеу нысаны ретінде терең карастырылмаған. Романдағы ұлттық мінез-құлық пен таным бірегейлігін бейнелеп тұрған паралингвизмдер – шығарманың түпнұска мәтіні үшін ғана емес, аударма мәтінінде де маңызды коммуникативтік, танымдық және семантикалық жүкті арқалайтын құрылымдар. Алайда антропоөзекті парадигма кең қолаш жайған заманауи лингвистикада тілді өз ішінде, яғни интралингвистикалық тұрғыда ғана емес, басқа тілдермен байланыста – интерлингвистикалық бағытта зерттеу аса маңызды. Тіларалық зерттеулердің бір бағыты аударма мәтіндерді нысанға алады.

Көркем мәтін кеңістігінде бейвербалды құралдар коммуникативтік, лингво-мәдени және танымдық әлеуеті жоғары тіл бірліктерінің қатарына енеді. Сол себепті көркем аударма жасау кезінде бейвербалды құралдарды аудару мәселесі аудармашылар үшін реалий сөздер мен фразеологизмдерді аудару секілді күрделі міндет орындалатынын диссертант жақсы ұғынған.

Диссертация жұмысында **паралингвистиканы коммуникацияның бейвербалды амалдарын және олардың вербалды үлгілерін зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыты** деп, **бейвербалды семиотиканы** коммуникацияның бейвербалды амалдарымен қатар басқа да қосымша ақпарат беретін семиотикалық таңбалар мен графикалық көріністерді назарға алатын ауқымды макросала ретінде таниды. Соның нәтижесінде паралингвистиканың метатілінде **паракинема, парапроксема, парасемема** деген жаңа атаулар қалыптасқанын диссертант ұғына отырып, терең түсіндіреді. Ол ұғым-түсініктер диссертация жұмысында сөздік-анықтама ретінде берілген. Тек қана бұл атаулар емес, диссертант еңбегінен жаңа ұғым, түсіктерді, ғылымдағы креативті ойды жеткізетін жаңа терминдердің көбін кездестіруге болады.

Аударма келгенде, М.Әуезов шығармасының аударылуы тарихына кеңінен тоқтала отырып, аудармашы құзыреттілігі, мәдениаралық коммуникация туралы зерттеуін жалғастырады. С.И.Ожеговтың сөздігінде «компетенция» термин-ұғымына анықтама қарапайым тілді тұтынушының ұғым-түсінігіне лайықтап берілген, онда «компетенция» дегеніміз: «как «круг вопросов, в которых кто-нибудь хорошо осведомлен» или «круг чьих-нибудь полномочий, прав» деп түсіндіріледі. Міне, диссертант аудармашылардың компетенциясын, деңгейін білдіретін тұжырымдарын нақты мысалдармен көрсетіп, өз классификациясын ұсынады. Аудармаларды салыстырады, дұрыс-бұрыс тұстарын көрсетеді. Ол үшін 2000-нан астам мысалдарды факт ретінде алға тартады.

Сөйте отырып, аударманың, оның ішінде ұлттық ерекшелікті түсінбей аударма жасаудың дұрыс еместігін дәлелдеп шығады.

Диссертация эмпирикалық материалға аса бай. Тыңғылықты орындалған. Ал тақырып пен диссертацияда көтерілген мәселе аса өзекті. Бүгінгі интеграциялық қоғамға қажетті, ұлттық деңгейде қабылданатын интралингвистикалық зерттеу деңгейінен жоғары, интерлингвистикалық мәні

зор аса қажетті зерттеуді жазып шыққан. Паралингвистиканың сөз (сөйлеу) саласының зерттелуіндегі орны тіпті ерекше екенін де дәлелдей алған. Пайдаланылған әдебиеттер, яғни ғылыми аппараты (208, көркем әдебиет саны – 11) аса бай. Соңғы жылдардағы ғылыми ізденістер, еңбектер кеңінен қамтылған.

Талапқа сай сыннан өткен, жарыққа шыққан материалдары жеткілікті. Өзіндік ойлары, тұжырымдары бар. Конференцияларда баяндама жасаған.

Қорытқанда, Имангазина Меруерт Ануарқызы «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)» тақырыпты «8D02307 – Қазақ филологиясы». Философия докторы (PhD дәрежесін) алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы (Алматы, 2026) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен талаптары сақталған, ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес жазылған. Сондықтан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай, ізденуші толыққанды аяқталған ғылыми жұмыс жазғандықтан, қорғауға жіберуге болады. Ал диссертациялық жұмыстың авторы Меруерт Ануарқызы Иманғазинаға «Коммуникацияның бейвербалды амалдарының вербалдануы мен аудармасының ерекшелігі (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)» тақырыпты «8D02307 – Қазақ филологиясы» Философия докторы (PhD дәрежесін алу үшін) дайындалған диссертациялық жұмысты өз дәрежесінде орындағандықтан, «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша «Философия докторы (PhD)» ғылыми дәрежесін беруге болады.

Филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры: **Мамынова Б.Қ.**

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ